

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ

Кезектен тыс қамқоршылық кеңес хаттамасы №3

12.02.2019 жыл

Қатысқандар: 11

Шақырылды: (ДТЖО М.Хайруллина)

Күн тәртібінде:

1. Көпбалалы отбасына көмек көрсету туралы
2. «Қамқорлық» акциясы аясында өткен «Тәттілер» жәрмеңкесінің қаражатын жұмсау туралы

1. **Тыңдалды:** Көпбалалы отбасына көмек көрсету туралы

Сөйледі: ДТЖО М.Д.Хайруллина

Ол өз сөзінде мектеп бойынша көпбалалы отбасы -14, оның ішінде 28 оқушы, осы 14 көпбалалы отбасы ішінде 3 отбасы күнкөрісі төмен отбасы екендігін айтты. «Мектепке жол» акция аясында күнкөрісі төмен отбасыларына және көпбалалы отбасына көрсетілген көмек жайлы айтып өтті.

2. **Тыңдалды:** «Қамқорлық» акциясы аясында өткен «Тәттілер» жәрмеңкесінің қаражатын жұмсау туралы

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Есжанова

Ол өз сөзінде мектепте өткен «Тәттілер» жәрмеңкесіне 1-9 сынып аралығы белсенді қатысты. Жәрмеңкеде сатылымға қойылған өнімдер дәмді, көз тартарлық болды. Жәрмеңке аяқталғаннан кейін әр сынып өзінің түскен қаражаттарын комиссия мүшелеріне тапсырды. Нәтижесінде 31 000 теңге жиналды. Енді осы қаражатты көпбалалы және күнкөрісі төмен отбасыларына жұмсауымыз қажет.

Сөйледі: кеңес мүшесі Г.Смагулова

Ол өз сөзінде күнкөрісі төмен отбасы Баймуханова Салтанаттың балаларына көмек көрсетуді ұсынды.

Сөйледі: кеңес мүшесі А.Рустемханова











Көпбалалы отбасы Аубакирова Бақытқа ықпалдасуды айтты. Бір адамның ғана жұмыс істейтіндігін айтты.

Сөйледі: С. Макина

Күнкөрісі төмен Қарабашаева Майра, көпбалалы Рахимбекова Айжан осы отбасыларына да азда болса көмек көрсету керектігін айтты.

Шешім:

1. Көпбалалы отбасына көмек көрсету жұмысы жалғастырылсын.
2. «Қамқорлық» акциясы аясында өткен «Тәттілер» жәрмеңкесінің қаражатына 4 көпбалалы отбасылары Рахимбекова Айжанның (Бәкібаев Нұрдәулет 3-сынып), Аубакирова Бақыттың (Самат Анель, 1-сынып), Қарабашаева Майраның (Қабиденов Ермек, 2-сынып), күнкөрісі төмен отбасы Баймуханова Салтанаттың (1-сыныпоқушы Тортай Акерке) 1 оқушы балаларына спорттық киім алуға көмек көрсетілсін.

Кеңес төрайымы:		А.Есжанова
Кеңес мүшесі		А.Рустемханова
Кеңес мүшесі		М.Масугутов (м.а)
Кеңес мүшесі		Б.Жумадилов
Кеңес мүшесі		Н.Жайлауова
Кеңес мүшесі		Г.Смагулова
Кеңес мүшесі		М.Абельдинова
Кеңес мүшесі		Р.Чиркова
Кеңес мүшесі		М.Каббасова
Кеңес мүшесі		С.Макина